

Жасанды алмас және оның негізінде бұйымдар өндірісін құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Бірінші орынбасарының Өкімі 13 қыркүйек 1994 ж. N 4-30-ө

Қазақстан Республикасында жасанды алмас және оның негізінде бұйымдар өндірісін құру мақсатында:

1. "Жезқазғантүстіметалл" акционерлік қоғамы (Урумов Т.М.) "Скаббард-Алатау" корпорациясымен (Хурин М.С.) бірлесе отырып Россия Федерациясының "Дайм" акционерлік қоғамына кейіннен Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы мемлекеттік сыртқы сауда компанияларының бірі арқылы 1994 жылдың қыркүйегінде шет елге сатуға ұқсату және осмий 187 изотопын алу үшін құрамында осмий бар екі жүз тонна қорғасын шламдарын жіберсін.

2. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ғ.Ә.Әбілсейітовке жүктелсін.

Премьер-министрдің
бірінші орынбасары